

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ ТАЛДЫҚОРҒАН
ҚАЛАЛЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
БАСҚАРМАСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ТАЛДЫҚОРГАНСКОЕ
ГОРОДСКОЕ УПРАВЛЕНИЕ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

**БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕР**

ҚАУЛЫСЫ

12.01.2021 № 8

Талдықорған қаласы

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ**

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Талдыкорган

**Талдықорған қаласының аумағында
карантинді күшету туралы шектеу шаралары**

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 104-бабының 2-бөлігіне, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшету туралы», 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы», 08.01.2021 ж. Алматы облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №1 «Алматы облысының аумағында карантин режимі және кейбір шектеу шараларын енгізу туралы». Талдықорған қаласының аумағында COVID-19 коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдай туралы материалдарды қарап, соңғы 14 күнде 166 жағдай тіркелді, көрсеткіш 100 мың тұрғынға шаққанда – 1127,5.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Талдықорған қаласының аумағында коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі жедел штабтың шешіміне сәйкес 2021 жылғы 15 қаңтар сағат 00:00-ден 2021 жылғы 29 қаңтар сағат 07:00-ге дейін Талдықорған қаласының аумағында карантин режимі және мынадай шектеу шаралары енгізілсін:

1. Карантиндік шаралар уақытында жұмыс істейтін мемлекеттік органдар (ұйымдар, кәсіпорындар), сондай-ақ меншік нысанына қарамайтын кәсіпкерлік субъектілері мынадай санитариялық және дезинфекциялық режимдерді сақтауы қажет:

1.1 медициналық, полиция, өртке қарсы қызмет, авариялық-құтқару және өзге де шұғыл коммуналдық қызмет (жылумен, сумен, ЖЖМ, АЖҚБ, ЖҚБ, байланыс, коммуникация, инкассация қызметі, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару, дезинфекциялау, көп қабатты тұрғын үйлерге сантехникалық қызмет көрсету) қызметкерлерін қоспағанда, Талдықорған қаласының аумағындағы

меншік нысанына қарамайтын ұйымдардың барлық кеңсе қызметкерлерін (қызметкерлер саны 15 және одан көп адам болатын ұйымдар қызметкерлерінің кемінде 80%) қашықтықтан жұмысқа ауыстыру;

1.2 жұмысы қашықтықтан жүргілмейтін қызметкерлерді бір реттік маскалармен қамтамасыз ету, бір реттік медициналық немесе қорғаныс маскаларын киу режимін міндettі түрде сақтау (уақтылы ауыстыру);

1.3 жіті респираторлық инфекциялар (жогары температура, жөтел, мұрынның бітелуі және т.б.) белгілері бар персоналды жұмысқа жібермеу. Анықталған жағдайда анықтау орны бойынша оқшаулау шараларын қабылдау, 103 нөмірі бойынша жедел медициналық жәрдемді шақыру жолымен және/немесе Талдықорған қ. санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына деру медициналық көмекке жүгіну 24-46-63;

1.4 екінші деңгейдегі банктердің, почта бөлімшелерінің, халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысын алдын ала жазылу, электрондық кезек, халықтың көп жиналудын болдырмау және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты, күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау мақсатында басқа да шараларды ұйымдастыру;

1.5 ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелерді, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салу, сондай-ақ жаппай корпоративтік және басқа да іс-шараларды өткізу үшін жеке меншік үйлер мен құрылыштарды жалға алуға тыйым салу;

1.6 бетпе-бет режимде кеңестер (отырыстар, семинарлар, форумдар, тренингтер, конференциялар) өткізуге тыйым салу;

1.7 техникалық және кәсіптік, орта, жогары білім беру мектептері мен ұйымдарында қашықтықтан оқыту форматында онлайн-оқытууды ұзарту.

2. Қала әкімі, ауылдық округтер әкімдері, Талдықорған қаласының полиция басқармасы, мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындар, кәсіпкерлік субъектілері және өзге де заңды және жеке тұлғалар демалыс күндері қызметін тоқтата тұруды қамтамасыз етсін:

2.1 қоғамдық көлік (қозғалыс кестесін айқындағанда отырып, сағат 06:00-ден 10:00-ге дейін, сағат 17:00-ден 20:00-ге дейін);

2.2 қоғамдық тамақтану обьектілеріне дайын тағамдарды тек сағат 09:00-ден 00:00-ге дейін алып шығуға және тұтынушыға дейін жеткізуге рұқсат етілсін;

2.3 сауда, ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері (орталықтары), сауда желілері, олардағы азық-түлік супермаркеттері мен дәріханаларды қоспағанда;

2.4 азық-түлік өнімдерін сатуды қоспағанда, сатылатын ассортиментке қарамастан барлық сауда базарлары/дүкендер;

2.5 барлық мәдениет обьектілері (театрлар, мұражайлар, көрмелер және т. 6.);

2.6 кинотеатрлар;

2.7 СПА-орталықтар, тренажер залдары, спорт нысандары, фитнес-орталықтар, бассейндер, қоғамдық моншалар, сауналар;

2.8 қыскы туризм және ашық ауада демалу обьектілері (Мұз айдындары, шана-баллонды еңістер және т. б.);

2.9 мамандандырылған автомобильдерді (полиция, жедел медициналық көмек басқармалары, өртке қарсы қызмет, тамақ өнімдерін, дәрілік құралдарды тасымалдайтын жүк және жеңіл машиналар және т.б.) қоспағанда және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін көліктің кез келген түрінің қозғалысын тоқтата тұру, сондай-ақ белгіленбеген орындарда, көшелерде саудаға жол бермеуді қамтамасыз ету:

- Гаухар Ана көшесі: Ақын Сара көшесінен Шевченко көшесіне дейін;
- Біржан Сал көшесі: Құрманов көшесінен Қабанбай батыр көшесіне дейін.

3. Талдықорған қаласының полиция басқармасына:

3.1. жоғарыда көрсетілген талаптарды бұзу немесе орындау анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, оның ішінде профилактикалық сипаттағы шараларды қолдану.

4. Ішкі саясат бөлімі Талдықорған қаласының кәсіпкерлік бөлімі және бұқаралық ақпарат құралдары:

4.1 ақпараттық арналар, бейінді қауымдастықтардың қатысуымен бейнеконференциялар өткізу, ресми веб-ресурстарда қажетті ақпаратты орналастыру арқылы қызметі тоқтатылған объектілерді хабардар ету;

4.2 халық арасында COVID-19 таралуының алдын алу бойынша, жеке профилактика шаралары және ауырған жағдайда мінез-құлық тактикасы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшету;

4.3. ресми дереккөздерде тұрғындар үшін дұрыс ақпаратты орналастыру (coronavirus2020.kz, anti-corona.kz, Үкіметтің, Денсаулық сақтау министрлігінің және әкімдіктердің ресми сайттары).

5. Шаруашылық жүргізу什і субъектілердің (объектілердің) басшылары, барлық жеке және занды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері, дара кәсіпкерлер, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, осы қаулының талаптарын қатаң сақтасын.

6. Осы қаулы барлық мудделі органдардың, ведомстволардың назарына жеткізілсін, БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

7. Қаулы меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық жеке және занды тұлғалардың, кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті.

8. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

9. Осы қаулы 2021 жылғы 15 қаңтарда 00 сағат 00 минуттан бастап күшіне енеді.

**Талдықорған қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Е.Асимкулов